

Ескірмеген махаббат...

Бұл әңгімені марқұм атамның аузынан естіген едім. Атам жүзі жылы, көңілі кең адам болды. Үлкен кісілер өмірлік жарын қалай кездестіргені жайлы айтуға ұялады ғой. 2019 жылы атам мен апамның отасқандарына 50 жыл толып, алтын тойлары болды. Екеуінің арасында 10 жас айырмашылығы бар еді. Атам 28 жасында апама ғашық болған кезде апам 18 жастағы бойжеткен екен. Екеуі бір ауылда көрші болыпты. Атам мен апамның махаббаты дәл кинодағыдай десем де болады. Атам кедей отбасынан шыққан екен. Бірақ өте білімді, парасатты кісі еді. Ал апам байдың қызы болған. Сол кездің заңдылығы қызды текті жерге беру болатын. Атам апамды бір көргеннен ғашық болып қалған екен. 1968 жылы 9 мамыр күні атам дүкеннің алдында апама сөз салыпты. Сол күні апамды атам алып қашпақшы болып, үйінің алдында 6-7 сағат күтіп тұрыпты. Бірақ, апам сыртқа шықпапты. Ертесіне көрші жеңгеден апамның қайда екенін сұрап, апам дүкеннің алдында күтіп тұрғанын естіген атам қатты қуаныпты. Содан жолдасының мотоцикліне отырып алып апамды алып қашқан екен. Осы 50 жылдың ішінде атам апамның бетін бір қайтарған емес, үнемі алақанына салып аялап өткен. Нағыз махаббат деп осыны айтар едім. Әр құран оқыған сайын, апамның атамды сағынып жылайтынын байқаймын. «Ескірмеген махаббат...» деген осы болар деп ойлаймын. Бейнежазба әлі күнге дейін сақталған...